

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті
Гуманитарлық факультет
Филология кафедрасы

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ:

6B02313 – ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

Түскен жылы - 2020

Семей, 2020

Берілетін дәреже:
6B02313 «Қазақ филологиясы»
мамандығы бойынша гуманитарлық білім бакалавры

№	Пән атауы	Кредит саны	Пререквизиттер	Постреквизиттер	Пәннің қысқаша мазмұнамасы, оқу мақсаты және күтілетін нәтижесі (білім, қабілеті, дағдылары, құзіреттілігі)
		РҚ			
Базалық пәндер					
Таңдаулы пәндер					
1	Хандық дәуір әдебиеті	6	Қазақ халық ауыз әдебиеті	XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті	Қысқаша сипаттама: Хандық дәуір әдебиеті кезеңіндегі тарихи-әдеби жағдай. Асан қайғы, Бұқар жырау, Шалкиіз, Мұрат ақын, т.б. жыраулар шығармашылығына тоқталу. Мақсаты: Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет туралы мағлұмат беру. Жыраулар поэзиясының зерттелуі және мәселелерін зерттеу, оқу. Күтілетін нәтиже: Білу керек:- Жыраулардың өмірінен мәлімет беру; -Жыраулар толғауларының тақырыптық аясын ажырата білуге баулу; - Толғау-арнаулардың көркемдік ерекшеліктеріне қарай талдау жасай білуге үйрету; - Өз ойын нақты, дәл және ғылыми түрде жеткізіп айта білуге үйрету; -Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет жайындағы ғалымдардың айтылған пікіріне сараптама жасай білу; Игеру керек: Жырауларлардың өмірі мен шығармашылығына тоқталу. Поэзиялық мұрасына әдеби талдау жасай алуға үйренеді.
1	Қазақтың билер мен шешен-ділмәрлары	6	Қазақ халық ауыз әдебиеті	XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті	Қысқаша сипаттама: Олардың қатарында Майқы би, Жиренше шешеннен бастап Төле, Қазыбек, Әйтеке, Сырым биге дейінгі билердің өмірі мен ел ішіндегі әдет-ғұрыптық қағида заңдары толық қамтылады. Шешендік өнердің түрлері мен поэтикалық ерекшеліктері талдаулар арқылы түсіндіріледі. Мақсаты: Халықтың рухани – мәдени өміріндегі өнердің бірі – шешендік өнері туралы мағлұмат беру. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Қазақтың билер мен шешен-ділмәрлары жайындағы ғалымдардың айтылған

					пікіріне сараптама жасай білу; Игеру керек: Қазақтың билер мен шешен ділмәрлары өмірі мен шығармашылығына тоқталу.
2	Ежелгі дәуір әдебиеті	6	Халық ауыз әдебиеті	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті	Қысқаша сипаттама: Түркі тілді халықтарға ортақ әдебиеттің көп ғасырлық тарихы негізінен үш кезеңге бөліп қарастыру қажеттігі. Бірінші, YI – IX ғасырлардағы көне түркі әдебиетінің ескерткіштері /«Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк» жырлары, «Қорқыт ата кітабы», «Оғызнаме», Әбу Насыр әл- Фарабидың әдеби мұралары/. Екінші, X – XII ғасырлардағы әдебиет /Махмұд Қашқари. «Диуани лұғат ат- түрік», Жүсіп Баласағұн. «Құтадғу біліг»; Ахмед Йүгінеки. «Хабатул – хақайық»; Ахмет Яссауи. «Диуани хикмат»; Сүлеймен Бақырғани. «Бақырғани кітабы»/. Үшінші, XIII – XV ғғ, яғни Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет /Рабғузи. «Рабғузи қиссалары»; «Кодекс Куманикус»; Хорезми. «Мухаббат-наме»; Құтб. «Хұсрау-Шырын»; Сайф Сарай. «Гулистан бит-турки»; Дүрбек. «Жүсіп-Зылиха»; Әбілғазы. «Шежіре-и түрік»; Қадырғали Жалайыри. «Жамиғ-ат тауарих»; Хайдар Дулати «Тарих-и-Рашиди»; Бабыр. «Бабыр-наме»/. Мақсаты: Көне дәуір әдебиеті туралы түсінік беру, танымын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: Білу керек: «Ежелгі дәуір әдебиеті» курсы - қазақ елінің тарихы қазіргі түркі тілдес халықтардың қоғамдық, әлеуметтік және рухани өмірімен, тұрмыс - тіршілігімен танысу. Игеру керек: Ежелгі жазба ескерткіштер. XII әдеби ескерткіштер, XIV ғасыр әдебиеті туралы білім алады.
2	Ежелгі жыр- аңыздар	6	Халық ауыз әдебиеті	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті	Қысқаша сипаттама: Аңыз туралы түсінік. Жыр. Жыршы ұғымдары. Миф туралы түсінік. Хикая туралы ұғым. Аңыз. Әпсана-хикаят. С.Қасқабасов еңбегі бойынша. Аспан денелері. Ұмай ана. Диканбаба. Су иесі. Жел иесі. Ағаштар.Құстар. Жан-жануарлар мен хайуанаттар. Түркі қағанаты дәуіріндегі әдебиет. Көкбөрі аңыздары. Орхон ескерткіштері. «Асан қайғы» туралы аңыз бен ақиқат.

					Мақсаты: Курстың мақсаты – қазақ әдебиеті тарихының ежелгі дәуірін, сол дәуірден жеткен әдеби мұралар мен сөз зергерлерінің туындыларын меңгертуді мақсат тұтады. Күтілетін нәтиже: Білу керек: ертедегі көшпелі түрік тайпалары, олардан жеткен көне әдеби үлгілер, Түрік ескерткіштері, оғыз-қыпшақ дәуірінен жеткен әдеби мұралар, Ислам дәуіріндегі әдебиет, Алтын орда дәуірінде жазылған әдеби, тарихи еңбектерді зерттеу жұмыстарымен таныстырып, болашақ мамандыққа дағдыландыру. Игеру керек: Ежелгі жазба ескерткіштер. XII әдеби ескерткіштер, XIV ғасыр әдебиеті туралы білім алады.
3	Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы	5	Тіл біліміне кіріспе, Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы	Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі	Қысқаша сипаттама: Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы-қазақ тілінің морфологиялық жүйесіне қатысты грамматикалық мағына, оның түрлері, грамматикалық форма және грамматикалық категориялар. Мақсаты: Пәннің мақсаты- қазақ тіліндегі сөздердің тұлғалық өзгеруі, сөз және оның формалары, оны қарастырудың жолдары мен тәсілдері, амалдары туралы студенттерге терең білім беру. Күтілетін нәтиже: Білу керек: -грамматиканың салаларын, сөз таптарының лексика-грамматикалық сипаттарын білуі; Игеру керек: -Практикада алған теориялық білімдерін сауатты қолдану;
3	Тіл және сөз: жүйе және құрылым	5	Тіл біліміне кіріспе, Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы	Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі	Қысқаша сипаттама Пәнді оқу барысында тілдің жүйе ретінде маңызды жақтары, негізгі мәліметтер жиынтығын беру және оларды лингвистикалық пәндерді оқу үшін қажетті ұғымдар мен терминдермен қаруландыру; -логикалық ойлау мен лингвистикалық интуицияны дамытуға үлес қосу; лингвистикалық талдаудың негізгі дағдыларын дамыту, тіл білімінің негізгі мәселелерін, сипаты, тіл мен ойлаудың арақатынасы, тілдің құрылымы мен құрылымы, шығу тегі мен жұмыс істеуі, тілдердің классификациясы меңгеру); тілдік жүйенің негізгі үлгілері, табиғи тілдің шығу тегі туралы гипотеза; Тілдің ішкі құрылымы (жүйелік және

					құрылымдық ұйым, бірліктердің табиғаты мен функциялары); лингвистикалық ғылымның негізгі сұрақтары, жеке деңгейлер мен тіл бірліктерін меңгеру тақырыптары қарастырылады. Мақсаты: Пәннің мақсаты- табиғи тілдің адам, қоғам, әлемдік өркениеттің тарихы мен мәдениетімен байланыстарындағы пайда болуының, дамуының және қызмет етуінің жалпы заңдылықтарын көрсету; диалектикалық дүниетаным қалыптасуына ықпал ету. Күтілетін нәтиже: Білу керек: -әр сөз табының грамматикалық ерекшеліктерін білуі керек; Игеру керек: -грамматикалық категорияларға қатысты пікірлердің дұрысын және грамматикалық ұғымдардың тәсілдері мен негізгі әдістерін қолдану.
4	XIX ғасыр әдебиеті	3	Хандық дәуір әдебиеті	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті	Қысқаша сипаттама: XIX ғасыр басындағы қазақ мәдениеті. Діни ағартушылық бағыттағы әдебиет. Ағартушы-демократиялық бағыттағы әдебиет. Мақсаты: XIX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті туралы мағлұмат беру. Күтілетін нәтиже: Білу керек: -XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің өзіндік табиғатын меңгеру; -XIX ғасырдағы әдебиет үлгілерінің сақталуы, басылым жайы. Қазақ әдебиеті тарихында аталмыш дәуір әдебиетінің зерттелуі, ғылыми жүйеге түсуі туралы мағлұмат беру; Игеру керек: -XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің өзіндік табиғатын меңгереді; -XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің қалыптасу, даму кезеңдері жайлы мағлұмат алады;
4	Зар заман әдебиеті	3	Хандық дәуір әдебиеті	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті	Қысқаша сипаттама: Зар заман кезеңінде ғұмыр кешіп, отарлық езгіге түскен қазақ халқының тағдырын мұң-зар мен жырлаған ақындар шоғыры қамтылады. Зар заман ақындары: Дулат, Шортанбай, Мұрат, Әбубәкір, Албан Асан, т.б. шығармашылықтарына талдау жасалып, тақырыптық-идеялық мазмұны айқындалады. Зар заман ақындары

					тұсынан қазақ әдебиеті жазбаша сипатталатынын атап көрсетіледі. Мақсаты: Зар заман әдебиеті туралы мағлұмат беру. Күтілетін нәтиже: Білу керек: - Зар заман әдебиеті үлгілерінің сақталуы, басылым жайы. Қазақ әдебиеті тарихында аталмыш дәуір әдебиетінің зерттелуі, ғылыми жүйеге түсуі туралы мағлұмат беру; Игеру керек: - Зар заман әдебиеті мұраларының мәтінімен танысып, олардың идеялық-эстетикалық құндылықтары туралы өзіндік пікір қалыптастырады;
5	Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисі	5	Тіл біліміне кіріспе	Жалпы тіл білімі	Қысқаша сипаттама: Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисі курсы студенттің «Қазіргі қазақ тілі» пәнінің соңғы бөлімі болып табылады. Мақсаты: Бұл фактор тілдік жүйенің басқа деңгейлері мен аспектілері туралы ақпаратты синтездейтін пән ретінде қазақ тіл білімі курсының синтаксистік компонентінің мақсаты мен міндеттерін түсіну үшін шешуші болып табылады. Күтілетін нәтиже: Білу керек: - Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисі пәні және оның зерттеу нысаны; синтаксистің басқа салалармен байланысы; қазақ тіл білімінде жай сөйлем синтаксисінің зерттелуі; - сөз тіркесінің табиғаты және оған тән белгілер және сөз тіркесі мәселелерін зерттеу тарихынан мағлұмат мен пікірлер; - сөздердің сөйлем мүшесі болуының негізгі шарттары туралы мағлұматтарды игереді; Игеру керек: - сөз тіркестерін топтастыру туралы мәліметтерді (есімді сөз тіркестері және етістікті сөз тіркестері); - сөйлем мүшелері, сөйлем мүшелерінің орын тәртібі; - жай сөйлем түрлері, құрылымдық типтері; - қазақ тілі мамандары жай сөйлем синтаксисі мәселесінен алған теориялық білімін түсініп, өз ойын дәлелдей білуге дағдыланады.
5	Аталым	5	Тіл	Жалпы тіл	Қысқаша сипаттама: Аталымның

	теориясы		біліміне кіріспе	білімі	лингвистикалық табиғаты; онтологиялық және гносеологиялық мәселелері; аталым, референттілік, мағына, мән, аталымның когнитивтік аспектісі; аталым теориясы және сөзжасам мәселелері. Екінші аталым, тілдік семантика, лексикалық таксономия; функционалды грамматика; функционалды синтаксис мәселелері. Мақсаты: Осы оқу пәнін меңгерудің мақсаты - студенттерге қазақ әдеби тілінің қазіргі синтаксистік жүйесі туралы ғылыми білім беру, олардың нормаларын терең меңгеруге көмектесу, болашақ мамандарды лингвистикалық мәселелер бойынша кәсіби және көпшілікке тарату жұмыстарын жүргізу үшін қажетті білімді, іскерлікті, дағдыны меңгерту, жетік біліммен қаруландыру, студенттерді ғылыми зерттеу әдістемесімен таныстыру және болашақта қазақ тілі және оны оқыту саласында өзіндік ғылыми-әдістемелік жұмыстарды жүргізуге дайындау. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Ұлттық таңбалардың негіздері – белгі, нышандар халық болмысындағы әмбебап категориялар. Игеру керек: Аталымның жасалуындағы сананың, танымның, ойлаудың тілдегі таңбасы. Таңба-аталымның қалыптасуы, белгілері, дамуы. Аталымның жасалуындағы сананың, танымның, ойлаудың тілдегі таңбасы. Таңба-аталымның қалыптасуы, белгілері, дамуы.
6	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті	5	XIX ғасыр әдебиеті	1960-1990 жылдардағы қазақ әдебиеті	Қысқаша сипаттама: XX ғасыр басындағы қазақ мәдениеті. Діни ағартушылық бағыттағы әдебиет. Ағартушы-демократиялық бағыттағы әдебиет. "XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті" пәнін оқыту барысында студенттерге сол кездегі тұтас әдеби процесс, оның түрлі ағымдар мен бағыттар, сол мәселелер жайында әр кездек қалыптасқан түрлі дұрыс-бұрыс түсініктер мен пайымдаулар төңірегінде талдаулар ұсынылады, сондай-ақ, XX ғасырдың басында ғұмыр кешіп, қалам тербеген, осынау күрделі де жауапты тұста ұлт әдебиетінің ауыр жүгін арқалаған талантты ақын-жазушылар мен олардың көрнекті-көрнекті шығармалары, жалпы

				әдеби мұралары жөнінде кең көлемді мағлұматтар берілді. Мақсаты: Қазақ әдебиеті тарихындағы маңызды да күрделі кезең болып табылатын XX ғасырдың соңындағы әдеби процесс пен әдебиет тарихы туралы хронологиялық ұстанымды сақтай отырып әдебиеттану ғылымының қол жеткізген бүгінгі табыстары негізінде студенттерге барынша толық, тиянақтай білім беру. Қазақ әдебиетінің алпысыншы жылдардан кейінгі даму сипаты туралы, әдеби-эстетикалық, қоғамдық-саяси ойлардың маңызы мен мәні. Проза, поэзия, драма, әдебиеттану мен сынның даму ерекшеліктері. Күтілетін нәтиже: Білу керек: - XX ғасыр басы Қазақ елінің әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени дамуы жолындағы аса күрделі кезең екендігі; - осы кезеңде ұлттық әдебиеттің, көркемдік-эстетикалық ой-сана дамуының жайынан мәліметтер білуі керек; Игеру керек: - студенттерге кезеңдік әдебиет ерекшелігін түсіндіру үшін пән аралық байланысқа аса мән беру; - студенттердің білім күші мен жан-жақты біліктілігін арттыру мақсатында тақырыпты ауқымды дәрежеде түсіндіру; - қазақ әдебиетінің ұлттық ерекшелігі мен шығармалар тұлғалардың дербес ізденістерін айқындау мақсатында өзге ел әдебиеті тарихымен салыстыра сипаттау
6	Алаш әдебиеті	5	XIX ғасыр әдебиеті	1960-1990 жылдардағы қазақ әдебиеті Қысқаша сипаттама: Ұлттық мемлекетті қалыптастыру идеясы ұлттық қажеттіліктердің негізінде туындайтын білім болса, ұлттық идеяның білімін қалыптастыратын нағыз зиялылар. Жалпы Алаш партиясының құрылу және Алаш автономиясының нысаналы өмірлік мұрат-мақсатын анық танытатын және де осы жолдағы қайраткерлер еңбегін жастарға таныту Мақсаты: Алаш идеясын бүгінгі тәуелсіздік идеясымен ағастыру. Күтілетін нәтиже: Білу керек:

					-Алаш қайраткерлерінің ұлт болып қалыптасу жолындағы тұлғалық бейнелерін, публицистика және әдеби сынның қалыптасу жолындағы еңбектерін таныту; -әдебиеттің, көркемдік-эстетикалық ой-сана дамуының жайынан мәліметтер білуі керек; Игеру керек: -қазақ әдебиетінің ұлттық ерекшелігі мен шығармагер тұлғалардың дербес ізденістерін айқындау мақсатында өзге ел әдебиеті тарихымен салыстыра сипаттау; т.б.
7	Білім берудегі IT	4	Тіл біліміне кіріспе	Жалпы тіл білімі	Қысқаша сипаттама: Ақпараттық процестер, қоғамды ақпараттандыру және білім беру. Білім берудегі ақпараттық процестерді іске асырудың техникалық және технологиялық аспектілері. Ақпараттық білім беру ортасы. Электрондық білім беру ресурстары. Білім беруде коммуникациялық технологиялар мен олардың сервистерін пайдалану. Білім беруде деректер қоры мен ақпараттық жүйелерді пайдалану. Мақсаты: Білім берудегі мультимедиа технологиясың алатын орнын түсіндіру. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Ақпараттық жүйелерді пайдаланудың құқықтық аспектілері. Игеру керек: Ақпараттық технологияларды қолданудың құқықтық аспектілері, ақпаратты қорғау және қауіпсіздік мәселелері.
7	Сандық білім беру технологиялары	4	Тіл біліміне кіріспе	Жалпы тіл білімі	Қысқаша сипаттама: Қазіргі білім берудің даму тенденциялары. Визуалды ақпаратпен жұмыс істеу ерекшеліктері. Интеллект-карта немесе инфографика жасау. Әлеуметтік желілердегі студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру. Мақсаты: Ақпаратты іздеу, сақтау және жүйелендірудің негізгі принциптері туралы мәлімет беру. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Цифрлық ақпараттық ортадағы бірлескен жұмыстың ерекшеліктері. Игеру керек: Аралас оқыту заманауи білім беру технологиясының үлгісі ретінде.

8	Қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлем синтаксисі	5	Тіл біліміне кіріспе	Жалпы тіл білімі	Пән құрмалас сөйлем синтаксисін, оның түрлерін: салалас және сабақтас құрмалас сөйлем синтаксисін, салалас және сабақтас құрмалас сөйлес сөйлемдерінде қолданылатын жалғау түрлері, құрмалас сөйлемдердегі тыныс белгілерінің қолданылуы, күрделі синтаксистік тұтастық құрылымдық ерекшеліктері, қазіргі қазақ тілінің синтаксисі курсының нормасының ғылыми принциптері тақырыптарынан тұрады.
8	Әлеуметтік тіл таным	5	Тіл біліміне кіріспе	Жалпы тіл білімі	Бұл пәнді оқу келесі міндеттерді шешуді қарастырады: 1) студенттерге қазіргі қазақ тілінің әлеуметтік жүйесі туралы түсінік беру және осы жүйені оның тіл құрылымымен өзара байланыста меңгеруіне қол жеткізу.; 2) студенттерді мәтіннің пішінін, мазмұны мен құрылымын, оның әлеуметтік-лингвистикалық қарым-қатынас процесіндегі функцияларын бөліп көрсетуге үйрету.; 3) социумдағы сөйлеу коммуникациясының шарттары мен нысандарын, әлеуметтік лингвистикамен байланысты базалық ұғымдарды зерделеу, әлеуметтік-лингвистикалық өзара қарым-қатынасты үйрету; 4) әлеуметтік лингвистиканың негізінде зерттеу әдістерін үйрету.; 5) социолингвистика бойынша әдебиетті өңдеуге және пайдалануға үйрету; 6) әлеуметтік лингвистиканы зерттеуге байланысты студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту; 7) қазіргі қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік жобалар мен идио жобалардың қызмет етуі туралы түсінік беру; 8) әлемнің тілдік бейнесі туралы түсініктерді қалыптастыру; 9) компьютерлік технологияларға аудару мақсатында тілдік үрдістерді модельдеуге үйрету; 10) әлеуметтік маңызы бар мәтіндерді талдауға үйрету; 11) тілді ғылыми және оқу мақсаттарында сипаттауға үйрету; 12) студенттерді әртүрлі тілдік жүйелерді салыстыруға үйрету 13) студенттерді билингвалды және полилингвалды тілдік жағдайларды талдауға үйрету; 14) тіл саясатын зерделеу; 15) Қазақстан Республикасындағы тілдік жай-күйін зерттеу.
9	Стилистика және	5	Тіл біліміне	Жалпы тіл білімі	Қысқаша сипаттама: Тілдің бар бояу нақышымен қолдана білу. Стильдік

	сөйлеу мәдениеті		кіріспе		даралықтың танылуы. Мақсаты: Қазақ тіліндегі стиль мәселесі. Тіл мәдениеттілігін сақтау және орынды қолдана білу. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Тіл мәдениетінің нысаны, сөз мәдениеті туралы ғылыми көзқарастар, тіл мәдениетінің негізгі салалары. Игеру керек: Лингвистикалық стилистика. Тіл мәдениеті туралы түсінік. Функционалдық стилистика.
9	Шешендік өнер	5	Тіл біліміне кіріспе	Жалпы тіл білімі	Қысқаша сипаттама: Пәнді оқу барысында ауызша сөйлеуді меңгеру, ауызекі сөйлеуде ойды шебер құру және көпшілік алдында сөйлеуді білу – бүгінгі таңда заманауи адамның өзекті қажеттіліктерінің бірі болып табылады. Мақсаты: "Шешендік өнер" курсы болашақ маманның филологретіндегі мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететін білім беру үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Шешендік сөз өнері маманның кәсіби дайындығын, тілдік, ақпараттық материалдарды меңгеруін байқатады, сондай-ақ басқа адамдармен, аудиториямен, тыңдаушылармен еркін қарым-қатынасқа бейімділігін дамытады. Игеру керек: Оқыту барысында қазақ шешендік өнерінің көптеген материалдары меңгертіледі
10	1960-1990 жылдардағы қазақ әдебиеті	5	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті	Қазіргі қазақ әдебиеті	Қысқаша сипаттама: XX ғасырдың 60 жылдарынан кейінгі әдебиет, М.Мақатаев, Ф.Оңғарсынова, Ж.Молдағалиев, Т.Молдағалиев мұралары, тб Мақсаты: XX ғасырдың 60 жылдарынан кейінгі әдебиеті пәнінің мақсаты – студенттердің рухани жетілуіне және оның қоғамдық – саяси, әлеуметтік көзқарасын, тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналарын айқындау, ұлттық сөз өнеріне қосылған көркем шығармаларды талдаудың ғылыми принциптеріне теориялық тұрғыдан дәйекті дәлелдеу, әдебиетті қоғамдық ой-санамен қабаттастыра зерделеу студенттердің рухани жетілуіне және оның қоғамдық-саяси әлеуметтік көзқарасын қалыптастыруға әсерін пайымдау. Күтілетін нәтиже: Білуі керек: - XX ғасырдың 60 жылдарынан қазіргі кезеңдегі қазақ

				әдебиетінің көркемдік даму арналарын айқындай алу; - Ұлттық сөз өнеріне Қысқаша сипаттама: XX ғасырдың 60 жылдарынан кейінгі әдебиет, М.Мақатаев, Ф.Оңғарсынова, Ж.Молдағалиев, Т.Молдағалиев мұралары, тб Мақсаты: XX ғасырдың 60 жылдарынан кейінгі әдебиеті пәнінің мақсаты – студенттердің рухани жетілуіне және оның қоғамдық – саяси, әлеуметтік көзқарасын, тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналарын айқындау, ұлттық сөз өнеріне қосылған көркем шығармаларды талдаудың ғылыми принциптеріне теориялық тұрғыдан дәйекті дәлелдеу, әдебиетті қоғамдық ой-санамен қабаттастыра зерделеу студенттердің рухани жетілуіне және оның қоғамдық-саяси әлеуметтік көзқарасын қалыптастыруға әсерін пайымдау. Күтілетін нәтиже: Білуі керек: - XX ғасырдың 60 жылдарынан қазіргі кезеңдегі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналарын айқындай алу; - Ұлттық сөз өнеріне қосылған көркем шығармаларды талдаудың ғылыми принциптеріне теориялық тұрғыдан дәйекті дәлелдей алу; - Әдебиетті қоғамдық ой –санамен қабаттастыра зерделей білу; Игеру керек: - 1960-90 жылдардағы әдеби даму мен дәстүрдің диалектикалық үйлесімін игеру; - Көркемдік дамудағы жалғастық пен жаңашылдықты ескере отырып, 1960-2000 жылдардағы әдеби шығармаларды идеялық, жанрлық, әдеби көкемдік тұрғыда талдату арқылы, студенттерді әдеби туындыны саралай білу.
10	ТМД халықтарының әдебиеті	5	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті	Қысқаша сипаттама: ТМД халықтарының әдебиеті өкілдеріне тоқталу. Шығармаларына ғылыми, әдеби талдау жасау. Әдебиет тарихындағы орынын айқындалады. Мақсаты: ТМД халықтарының әдебиетінің тарихы, тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиетінің тарихы. Ақын-жазушылар лабораториясы. Күтілетін нәтиже: Білу керек: ТМД халықтарының әдебиеті

					ақын жазушылардың шығармашылығымен танысу. Игеру керек: Әр шығармаларына талдау жасай отырып, мазмұнымен танысу.
11	Орфография және пунктуация	5	Тіл біліміне кіріспе	Жалпы тіл білімі	Қысқаша сипаттама: Қазақ тілінің емле ережесінің қалыптасуы. Мақсаты: Қазақ тілінің грамматикасы туралы мәлімет беру. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Орфографиялық орфоэпиялық ережелер, сөздердің айтылуы мен жазылуы. Игеру керек: Қазақ тілінің шығу тарихы, қолданыстағы сөздер мен олардың қолданылу аясы.
11	Мәтін семантикасы	5	Тіл біліміне кіріспе	Жалпы тіл білімі	Қысқаша сипаттама: Мәтінді лингвистикалық талдау жолдары мен әдіс-тәсілдерін пайдалану. Мақсаты: Көркем шығармаларды тілдік тұрғыдан талдай білуге үйрету. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Сатылай кешенді талдау әдеби-теориялық ұғымдарды оқыту. Игеру керек: Грамматикалық тұлғалардың стилистикалық-синтаксистік қызметін игеру керек.
12	Өлең теориясы	5	Әдебиеттануға кіріспе	Әдебиет теориясы	Қысқаша сипаттама: Поэзиялық шығармалардың мазмұндық ерекшеліктері, өлеңнің теориялық аспектілері. Мақсаты: Өлең табиғаты, теориясы, ғалымдар еңбектерімен танысу Күтілетін нәтиже: Білуі керек: -Өлең туралы теориялық ой-пікірлердің қалыптасу кезеңдерін қазіргі дәуірге дейінгі аралықта мейлінше толымды жүйелеп саралау; -Абайдың қазақ өлеңіне қосқан үлесі, қазіргі поэзиядағы ізденістерді түрлі қырынан талдай білуге жаттықтыру. Игеру керек: Өлеңге талдау жасаудың ғылыми принциптерін игеру, өлең сөздің бейнелеу құралдары, ажарлау, айшықтауқұбылту түрлері, халық поэзиясының тілі, қазақ өлеңінің құрылыс жүйесі, ұйқас түрлері, бунақ, шумақ, тармақ, ырғақ, әлем әдебиетіндегі өлең жүйесін айқындау.
12	Қазақ әдебиетінің	5	Әдебиеттануға кіріспе	Әдебиет теориясы	Қысқаша сипаттама: Қазақ әдебиетінің тарихымен танысып, әдебиет теориясы туралы түсінігін қалыптастыру.

	тарихы				Мақсаты: Қазақ әдеби сынының тарихы табиғатының мазмұндық ерекшеліктері, сынның теориялық аспектілері. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Қазақ елінің әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени дамуы жолындағы аса күрделі кезең екендігі; сыншылар еңбектері. Игеру керек: студенттерге кезеңдік әдебиет сынының ерекшелігін түсіндіру үшін пән аралық байланысқа аса мән беру;
13	Қазіргі қазақ әдебиеті	5	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті	Кешенді мемлекеттік емтихан	Қысқаша сипаттама: Қазіргі қазақ әдебиеті-пәні қазақ елінің өсу, өркендеу жолындағы аса күрделі кезең болған тарихи дәуірдегі ұлттық әдебиеттің, көркемдік-эстетикалық ой-сана дамуы жағынан мәлімет береді. Курстың теориялық бөлімінде 1960-2000 жылдары қазақ әдебиетінің ғылым ретінде танылуы, оның ғылымдар арасында алатын орны, басқа ғылым салаларымен байланысы, оның зерттеу әдістері жайлы мәліметтер беру, семинар сабақтары және зертханалық сабақтары теориялық материалдарды меңгеруді қамтамасыз етеді. С.Сейфуллин, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, І.Жансүгіров т.б. ақын-жазушы, драматургтердің өмірі мен шығармашылығы. Осы кезеңдегі ідеби бағыттар мен ағымдар. Мақсаты: Қазіргі қазақ әдебиетінің даму арналарын айқындау, ұлттық сөз өнеріне қосылған көркем шығармаларды талдаудың ғылыми принциптерін теориялық тұрғыдан дәй ой-санамен қабаттастыра зерделеу, студенттердің рухани жетілуіне және оның қоғамдық-саяси, әлеуметтік көзқарасын қалыптастыруға әсері болып табылады. Күтілетін нәтиже: Білуі керек: -тарих пен әдебиет сабақтастығын; -әдеби үдерістегі дәстүр мен жаңашылдық мәселесін көркем шығармадан тауып үйренеді; Игеру керек: -әдеби үдерістегі дәстүр мен жаңашылдық мәселесін көркем шығармадан тауып үйренеді;
13	Тәуелсіздік жылдардағы	5	XX ғасыр басындағы	Кешенді мемлекеттік	Қысқаша сипаттама: «Тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиеті» пәнінің

	ы қазақ әдебиеті		ы қазақ әдебиеті	емтихан	мазмұны мен мәні - қазақ елінің өсу, өркендеу жолындағы аса күрделі кезең болған тарихи дәуірдегі ұлттық әдебиеттің, көркемдік-эстетикалық ой-сана дамуы жағынан мәлімет береді. Тәуелсіздік, ұлттық сана-сезім, ұлттық рух тіл мен діл ұлттық руханияттың маңызды факторлары болып табылады. Сондықтанда тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиеті рухани мәдени құндылықтар, ұлттық идея, ұлттық болмыс, жаңа көзқарас, жаңа дүниетаным мұнарасынан бағалануы мейілінше заңды құбылыс. Мақсаты: Тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиетінің даму арналарын айқындау, ұлттық сөз өнеріне қосылған көркем шығармаларды талдаудың ғылыми принциптерін теориялық тұрғыдан дәйекті талдау. Күтілетін нәтиже: Білуі керек: -тарихи прозаны талдап, салыстыра зерттеу жұмыстарын жүргізуге қалыптасады; Игеру керек: -қазақ әдебиеті өкілдерінің алдына қойған мақсат-міндеттерін түсіну; Теориялық білімді практикада қолдана білуді үйренеді; - Зерттеу жұмысына икем-дағдысы қалыптасады.
14	Әдебиет теориясы	5	Әдебиеттегі нұға кіріспе	Кешенді мемлекеттік емтихан	Қысқаша сипаттама: Әдебиет теориясының ғылым ретінде зерттейтін мәселелері. Оның негізінен көркем әдебиеттің өнер ретіндегі өзіндік ерекшеліктері мен көркем-идеялық мәнін, қоғамдық сипатын, даму заңдылықтары мен көркем туындыны бағалау, талдау принциптерін зерттеп анықтайтын ғылым екендігі. Әдебиет теориясы зерттейтін мәселелердің негізінен 3 циклдан (қаламгердің өмір шындығын образды түрде бейнелеу ерекшелігі, әдеби-көркемдік құрылымы, әдеби процесс жайы) тұратындығы Әдебиет теориясының әдебиеттану екендігі, оның мәнісі. Әдебиет теориясының эстетика, өнер, философия, тіл білімі т.б. ғылымдармен байланысы. Мақсаты: Пәннің мақсаты студенттердің білімдерін жаңа теориялық ұғымдармен толықтыру, сөйтіп, өнердің, әдебиеттің

					өзекті теориялық мәселелерін қазіргі ғылымының озық жетістері негізінде жан-жақты, тарихи тұрғыдан қарастыру. «Әдебиет теориясы» пәнінің негізгі мақсаты студенттерді көркем шығарма оқуға, оқыған шығармаға теориялық талдай жасауға үйретеді. Күтілетін нәтиже: Білуі керек: -әдебиеттанудың жаңа бағыттарымен таныстыру; -әдебиет туралы ғылымның қазіргі жетістіктеріне жауап беретін, әдебиеттану бойынша деректерді жинақтаған білім жүйелерін ұсыну; Игеру керек: Әдебиеттанудың қазіргі даму үрдісі, қазіргі бағыттары мен мектептері жайлы ғылыми түсінік беріп, жинақтаған білімдерін көркем шығарманы талдауда нақты басшылыққа алуға дағдыландыру болып табылады.
14	Мәтінді филологиялық талдау	5	Әдебиеттануға кіріспе	Кешенді мемлекеттік емтихан	Қысқаша сипаттама: Мәтінді филологиялық талдау, көркем әдебиеттің табиғаты. Типтілік мәселесі. Әдеби жанрлар. Көркемдік әдіс және стиль. Дәстүр мен жаңашылдық Мақсаты: Мәтінді филологиялық талдауға үйрету. Күтілетін нәтиже: Білуі керек: -филологиялық талдаудың жаңа бағыттарымен таныстыру; -әдебиет туралы ғылымның қазіргі жетістіктеріне жауап беретін, әдебиеттану бойынша деректерді жинақтаған білім жүйелерін ұсыну; Игеру керек: филологиялық талдаудың қазіргі даму үрдісі, қазіргі бағыттары мен мектептері жайлы ғылыми түсінік беріп,
15	Жалпы тіл білімі	4	Тіл біліміне кіріспе	Кешенді мемлекеттік емтихан	Қысқаша сипаттама: Тілдің өзіндік табиғаты мен мәні, сөйлеумен, ойлаумен, қоғаммен байланысы, атқаратын қызметі. Тіл білімінің негізгі салалары, басқа ғылымдармен қатынасы, өзіндік орны. Тіл білімінің тарихы, ондағы басты кезеңдер. Тіл білімі тарихындағы негізгі бағыттар мен мектептер екендігі. Мақсаты: Лингвистикалық ойлау қабілетін қалыптастыратын жалпы методологиялық сипаттағы күрделі мәселелерді түсіну. Күтілетін нәтиже:

					Білуі керек: Тіл білімінің басқа қоғамдық жаратылыстану және техникалық ғылымдар ішінде алатын орнын, олармен байланысын анықтау. Игеру керек: Тіл білімінің даму тарихында қолданылған, қазір қолданып жүрген, жаңадан туа бастаған арнаулы әдістер мен әдістемелердің сырларын ашып беру.
15	Әлем тіл білімінің жаңа бағыттары	4	Тіл біліміне кіріспе	Кешенді мемлекеттік емтихан	Қысқаша сипаттама: Тіл біліміндегі нейролингвистика, паралингвистика, психоллингвистика, прагматлингвистика, когнитивтік лингвистика сияқты тіл біліміндегі жаңа бағыттар туралы түсінік беріп, олардың зерттеу нысандары, мақсат-міндеттерімен, негізгі зерттеу мәселелерімен таныстырады. Мақсаты: Басқа да коммуникативтік құралдар мәселелерін танып білу. Күтілетін нәтиже: Білуі керек: Тіл білімінің басқа қоғамдық жаратылыстану және техникалық ғылымдар ішінде алатын орнын, олармен байланысын анықтау. Игеру керек: Тіл теориясының даму тарихында қолданылған, қазір қолданып жүрген, жаңадан туа бастаған арнаулы әдістер мен әдістемелердің сырларын ашып беру.

КӘСІПТЕНДІРУ ПӘНДЕРІ

Тандаулы пәндер

1	Қазақ тілінің тарихи грамматикасы	3	Тіл біліміне кіріспе	Жалпы тіл білімі	Қысқаша сипаттама: Тарихи лексика. Тарихи фонетика. Дауысты дыбыстар жүйесінің дамуы. Тарихи лексикология. Тарихи фонетика. Тарихи морфология. Тарихи синтаксис. Мақсаты: Пәнді оқытудың мақсаты қазақ тілінің тарихи лексикалық қоры мен құрамын, толығу жолдары мен жүйесін, тіл тарихының қалыптасу, кемелдену жолындағы өзгерістердің себебі мен салдарын ғылыми негізде кешенді оқыту болып табылады. Күтілетін нәтиже: Білуі керек: - тілдің дыбыстық сипаты мен грамматикалық құрылымының негіздерін; Игеру керек: - өз еркімен зерттеу жүргізе алу; - тілдік талдаудың зерттеу әдістерін;
1	Қазақ тілінің	3	Тіл біліміне	Жалпы тіл білімі	Қысқаша сипаттама: «Қазақ тілінің тарихы» пәні тілдің грамматикалық

	тарихы		кіріспе		құрылысының тарихи дамуы туралы түсініктерін қалыптастырады. Бүгінгі тілдің фонетикалық, грамматикалық құрылымының осы күйге жету жолын, эволюциясын тарихи-салыстырма әдіс негізінде түсіндіреді. Қазақтың халық болу процесі кезіндегі тіл құрылымы, қазақ тілі грамматикалық құрылысының тарихи дамуы зерттеледі. Мақсаты: Аталған пән студенттерге қазақ тілі тарихының қалыптасу және даму кезеңдері, қазақ тілі нормалары мен оның түрлері жөнінде ғылыми тұрғыдан жүйелі білім беру мақсаты мен міндетін көздейді. Күтілетін нәтиже: Білуі керек: - Қазақ тілінің тарихи лексикалық қоры мен құрамын, толығу жолдары мен жүйесін, тіл тарихының қалыптасу, кемелдену жолындағы өзгерістердің себебі мен салдарын ғылыми негізде түсіндіреді. - таным мен ұғымдар жүйесінің байланысын; Игеру керек: - теориялық талдау жасау;
2	Шетел әдебиеті	5	Ежелгі дәуір әдебиеті	Қазіргі қазақ әдебиеті	Қысқаша сипаттама: Ортағасырлық қайта өрлеу дәуірі әдебиеті; халық шығармашылығы, өрлеу дәуір әдебиетіндегі адамгершілік арна; 18-19, 20 ғасырдағы шетел әдебиеті. Мақсаты: Шет ел әдебиетін оқытудың мақсаты болашақ мұғалімдерді шетел әдебиетінің озық үлгілері арқылы әлем әдебиетінің тарихи, саяси даму кезеңдерінде пайда болған жанрлармен таныстыру. Күтілетін нәтиже: Білуі керек: Антикалық дәуір әдебиеті, ежелгі дәуір әдебиетінің маңызы, ортағасырлық қайта өрлеу дәуірі әдебиеті, халық шығармашылығы туралы білуі керек. Игеру керек: Шетел әдебиетінің тарихы туралы ғылыми танымын қалыптастырады, теориялық талдауға үйренеді.
2	Түркі халықтары әдебиеті	5	Ежелгі дәуір әдебиеті	Қазіргі қазақ әдебиеті	Қысқаша сипаттама: «Түркі халықтары әдебиеті» пәні–түркі халықтары әдебиеті тарихының кезеңдері, қалыптасуы, әлем әдебиетіндегі алатын орны, ақын-жазушылардың шығармалары

					жөнінде мәселелер кеңінен қарастырылады. Мақсаты: Түркі халықтары әдебиетінен – түркі халықтар арасындағы тамырластықты зерделеу, еліміздің руханиятына ұқсас жағы, тарихи байланыс, дүниетанымы, мақсат-мүддесін айқындау. Күтілетін нәтиже: Білуі керек: Туыстас түрік, қырғыз, қарақалпақ, өзбек, азербайжан халықтарының құнды мұраларын төл әдебиетімізбен сабақтастыра қарастыру. Игеру керек: Түркі халықтары әдебиетінің тарихы туралы ғылыми танымын қалыптастырады, теориялық талдауға үйренеді.
3	Абайтану	3	Ежелгі дәуір әдебиеті	Қазіргі қазақ әдебиеті	Қысқаша сипаттама: Абайтану - курсы студенттердің осы курсты игеру барысында алған білімдерін одан ары қарай тереңдете түсуге үйретеді. Мақсаты: “Абайтану” курсы студенттердің осы курсты игеру барысында алған білімдерін одан ары қарай тереңдете түсуге негіздейді. Күтілетін нәтиже: Білуі керек: - Абай өмір сүрген ортаны, заман көрінісін, қоғамдық жағдайды білу; Игеру керек: Ақын шығармашылығының нәр алған қайнар бұлақтарын білу;
3	Әдеби өлкетану	3	Ежелгі дәуір әдебиеті	Қазіргі қазақ әдебиеті	Қысқаша сипаттама: Абайдың ақындық мектебі пәні, зерттелуі, ақын-жазушылар шығармашылығы. Мақсаты: Арнаулы курс Семей өңіріндегі ақын-жазушылар шығармашылығын, олардың шығармашылық қуатын, сол арқылы бүкіл бір халықтың әдеби өміріне жаңа өрнек, тың леп әкелгендігін үйретуді алғы мақсат етіп қояды. Күтілетін нәтиже: Білуі керек: -Туған өлке топырағында өскен ірі әдебиет тұлғаларының мұраларын зерттеу; Абайдың ақындық дәстүрі мен қазақ әдебиеті тарихын байланыстыра білу; Игеру керек: Абайдың ақын шәкірттері өмірі мен шығармашылығын танып білу - Ұлы Абай даналығын түсінуге алып барар бірден бір сара жол.
4	Қазақ жазуының	5	Тіл біліміне	Жалпы тіл білімі	Қысқаша сипаттама: Қазақ жазуының тарихы, араб жазуы, көне ұйғыр жазуы,

	тарихы		кіріспе		латын жазуы, орыс графикасы. Қазақ жазуының тарихына тоқталу. Қазақ жазуының қысқаша тарихы курсының мақсаты мен міндеті. Жазу және жазба тілі. Орыс графикасы негізінде қазақ әліпбиі. Түркі халықтарының графикасын бірдейлестіру туралы. Мақсаты: Қазақ жазуының қысқаша тарихы» курсының мақсаты—сонау V-VIII ғ.ғ. қолданылған Орхон-Енисей әліпбиінен бастап, күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқан орыс графикасына негізделген қазақ әліпбиінің қалыптасу тарихын жете білдіру. Сондай-ақ, олардың түркі туыстас тілдерге ортақ көне жазба мұраларын (Орхон-Енисей ескерткіштері, көне ұйғыр әліпбиімен жеткен ескерткіштер) түпнұсқа бойынша оқи алатын, тілдік талдау жасап, қазіргі тілімізбен салыстыра зерттей алатын дәрежеге жетуін көздейді. Әрбір адамның өз елі мәдениеті мен әдебиетінен, ата –бабаларының басынан кешкен тарихынан мағлұматы болуы керек. Күтілетін нәтиже: Білуі керек: -Қазақ жазуының тарихы; - Ескі көне мұралар тарихын; - Өз бойында көркемдікті танытын талғам қалыптастырады. Игеру керек: -көне мұралардағы жазу тарихын; - Теориялық білімді практикада қолдана білуді үйренеді; - Зерттеу жұмысына икем-дағдысы қалыптасады.
4	Қазақ әдеби тілінің тарихы	5	Халық ауыз әдебиеті	Қазіргі қазақ әдебиеті	Қысқаша сипаттама: XV-XVII ғасырдың арасын қамтиды. Асан Қайғы, Қазтуған, Шалғез, Доспамбет, Жие мбет т. б. жыраулардың толғаулары, ел арасына ауызша тараған шежірелер, шешендік сөз немесе билер сөзі осы кезеңдегі әдеби тілдің үлгілері, әдеби тілдің XVIII-ғасырдан XIX ғасырдың екінші жартысына дейінгі үлгілеріне Бұхар, Тәттіғара жыраулардың шығармалары, XIX ғасырдың екінші жартысы. Бұл дәуірде қазақтың жазба әдеби тілі халықтың мәдени өмірінде кең қолданыс тапты. Әдеби тілдің нормалану процесін танытатын үлгі нұсқалардың түрлері, азан теңкерісінен кейінгі кезең. Мақсаты: Әдеби тіл халыққа білім

					берудің, мәдени, рухани мұраларды жасаудың қуатты құралы екендігін меңгерту. Күтілетін нәтиже: Білуі керек: -Әдеби тіл тарихы; - Ескі көне мұралар тарихын; Игеру керек: -көне мұралардағы әдеби тіл бейнеленуі, нормалардың сақталуы; -Стиль ерекшелігін білу;
5	Шәкәрімтану	5	Халық ауыз әдебиеті	Қазіргі қазақ әдебиеті	Қысқаша сипаттама: Шәкәрім Құдайбердиевтің өмірі мен шығармашылығы, өлеңдері мен поэмалары, прозалары, мәнді сөздері. Ш.Құдайбердиевтің рухани мұралары. Шәкәрім лирикасы. Шәкәрім қара сөздерінің тақырыптық, жанрлық өзгешеліктері, тағылымдық мәні. Шәкәрімнің эпикалық шығармалары. Шәкәрім Шәкәрімтану ғылымы тек бір ғана ұлттың поэмаларының тарихи, көркемдік негіздері. Мақсаты:рухани құндылығы емес, бүкіл адамзат баласының ақыл–ой, парасатының көркем үлгісі екендігін студенттер санасына сіңірту, әрі аталмыш ғылымның теориялық-методологиялық негіздерін меңгерту. Шәкәрім ақын өмірі, шәкәрімтану ғылымының қалыптасу, даму тарихы туралы түсінігін кеңейту. Күтілетін нәтиже: Білуі керек: - Ш.Құдайбердиевтің өмірінен мәлімет беру; - Шәкәрім шығармаларының тақырыптық аясын ажырата білуге баулу; - Ақын поэзиясына көркемдік ерекшеліктеріне қарай талдау жасай білуге үйрету; Игеру керек: - XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті және Шәкәрімтану ғылымы жайындағы ғалымдардың айтылған пікіріне сараптама жасай білу;
5	Шығыс әдебиетінің тарихы	5	Халық ауыз әдебиеті	Қазіргі қазақ әдебиеті	Қысқаша сипаттама: Әдеби өлкетә Шығыс әдебиеті пәні, зерттелуі, ақын-жазушылар шығармашылығы. Мақсаты: Арнаулы курс Шығыс әдебиетінің ақын-жазушылар шығармашылығын, олардың шығармашылық қуатын, сол арқылы бүкіл бір халықтың әдеби өміріне жаңа

					өрнек, тың леп әкелгендігін үйретуді алғы мақсат етіп қояды. Күтілетін нәтиже: Білуі керек: - Шығыс әдебиеті топырағында өскен ірі әдебиет тұлғаларының мұраларын зерттеу; көрнекті тұлғалардың ақындық дәстүрі мен қазақ әдебиеті тарихын байланыстыра білу; Игеру керек: Шығыс әдебиеті өкілдерінің өмірі мен шығармашылығын танып білу - әлем әдебиетінің даналығын түсінуге алып барар бірден бір сара жол.
6	Мәтін лингвистикасы	5	Тіл біліміне кіріспе	Жалпы тіл білімі	Қысқаша сипаттама: Сөз құрылымын, сөз, құрылысы, мағынасы, мағыналық топтарын, мәтін семантикасы, мәтін құрылымы. Мәтінді көлемдік-прагматикалық бөлшектеу. Автордың тілдік тұлғасы және автор бейнесі. Мақсаты: Мәтін лингвистикасы пәні мәтін құрылымын, түрлері мен типтерін, категорияларын, тілдік арақатынастардың өзгерістерін, мәтін ішіндегі олардың динамикасын зерделеп, мазмұн тұрғысында мәтіннің идеялық-тақырыптық және эстетикалық деңгейінде меңгертуді көздейді. Күтілетін нәтиже: Білу керек: Мәтін түрлері, мәтінді зерттеу бағыттары, көркем мәтінді талдау түрлері. - мәтін бірліктерін грамматикалық және семантикалық зерттеу. - мәтінді түрлі қырынан талдай білу. Игеру керек: тілдің құрылымдық және жүйелік қасиеттері, сөз таптары, грамматикалық негізгі ұғымдар, фонетика, фонема, лексема, морфема сияқты тілдік бірліктердің мәні мен ерекшеліктерін де студенттің меңгеруі маңызды мәселе болып табылады; - тіл ғылымының негізгі бөлімдерінің ұғымын оқу, оның ішкі структурасы, фонетика және фонология, лексикология және лексикография, грамматика және оның құрамдық бөлімін оқу.
6	Функционалды лингвистика	5	Тіл біліміне кіріспе	Жалпы тіл білімі	Қысқаша сипаттама: Функционалды лингвистика дәстүрлі лингвистиканың бір саласы ретінде жұмсалымдық жағынан зерттеу 20 ғасырдағы бірқатар лингвистикалық концепциялар негізінде дамыды. Дегенмен өзінің арнайы зерттеу нысаны мен тіл жүйесінің сөйлеу кезіндегі

					жұмсалымы мен жұмсалуды зерттейтін ғылымдағы жаңа бағыт. Құрылымдық тіл білімінің тармағы ретінде пайда болған мектептер мен бағыттардың жиынтығы. Грамматиканы, жалпы лингвистиканы функционалдық жағынан зерттеу XX ғасырдағы бірқатар лингвистикалық концепциялардың негізінде дамыды. Мақсаты: Функционалды лингвистика тілдің қатынас құралы ретіндегі қызметінің сипатына басым көңіл аударады. Функционалды лингвистиканың негізгі принципі тіл дегеніміз ойды білдірудің мақсатты жүйесі ретінде түсіндірілетін телеологиялық құбылыс. Күтілетін нәтиже: - Білу керек: тілді функционалды тұрғыда зерттеудің қазіргі ұстанымдарын меңгереді; - тұлғалық және функционалдық бағыттың негізгі ерекшеліктерін ажырата біледі; - функционалдық грамматиканың өріс теориясына негізделетін негізгі ұғымдарымен танысады; - белгілілік/белгісіздік категориясы - темпоралдылық, аспектуалдылық т.б. функционалды-семантикалық категориялармен танысып, олардың өзіндік ерекшеліктерін анықтай біледі; - Игеру керек: Прага, Лондон, Француз, Голландия, Копенгаген, Женева, Ресей, т.б. функционалды мектептері. Чехословакияның қазіргі функционализмі, француздың А. Марссыя бастаған функционализмі, славян ғалымдарының функционализмі т.т. туралы теориялық білімдерін толықтырады.
7	Әуезовтану	5	XIX ғасыр әдебиеті	Мемлекеттік емтихан	Қысқаша сипаттама: М. Әуезовтің шығамалары: әңгімелері, повестері. Әуезовтің өмірі, шығармашылығы. Әуезов шығармашылығы әлем әдебиеті контекстінде. Мақсаты: М. Әуезовтың шығармашылығын жан-жақты таныту, қаламгердің басқа ел әдебиетіне көзқарасын, шетел жазушыларымен рухани байланысын ашып көрсету. Күтілетін нәтиже: Білуі керек: - Жазушы лабораториясының әрқырлығын шығармалары,

					аудармалары, мақалалары арқылы таныту, шетел әдебиетімен жүйелік байланыста таныстыру; - М.Әуезовтің шығармашылығы, оның басқа ел әдебиетімен байланысы туралы терең білім қалыптастыру, жазушы шығармашылығы жайлы жан-жақты мәлімет беру. Игеру керек: М.Әуезов драматургиясы, көркем шығармаларымен танысып, "Еңлік-Кебек", "Бәйбіше-Тоқал", "Қаракөз" "Алма бағында", "Түнгі сарын", т.б. пьесаларының қойылу, жазылу тарихы, Әуезовтің алғашқы әңгімелері, прозалық шығармалары мен кейінгі шығармаларында айырмашылықты ғылыми-әдеби түрде саралауды игеру.
7	Семей өңірінің ақын-жазушылары	5	XIX ғасыр әдебиеті	Мемлекеттік емтихан	Қысқаша сипаттама: Пәнді оқу барысында студенттер Абай, Шәкәрім, Мұхтар Әуезов, Қ. Мұхамедханов, Қ. Оразалин, Р. Сейсенбаев, А. Кемелбаев сынды ақын-жазушылардың шығармашылығын тереңдете оқиды. Жазушының шығармашылық зертханасын зерттеу - жазушының жеке-психологиялық ерекшеліктері мен өмірлік тәжірибесін оның жазу стилінде, туындының архитектуртикасында көрініс табуын талдауды көздейді. Мақсаты: Арнаулы курс Семей өңіріндегі ақын-жазушылар шығармашылығын, олардың шығармашылық қуатын, сол арқылы бүкіл бір халықтың әдеби өміріне жаңа өрнек, тың леп әкелгендігін үйретуді алғы мақсат етіп қояды. Күтілетін нәтиже: Білуі керек: Абай, Шәкәрім, Мұхтар Әуезов, Қ. Мұхамедханов, Қ. Оразалин, Р. Сейсенбаев, А. Кемелбаев сынды ақын-жазушылардың шығармашылығын тереңдете білу. Игеру керек: Абай, Шәкәрім, Мұхтар Әуезов, Қ. Мұхамедханов, Қ. Оразалин, Р. Сейсенбаев, А. Кемелбаев сынды ақын-жазушылардың шығармашылығын талдауды игеру.
8	Нормативті қазақ тілі	6	Тіл біліміне кіріспе	Жалпы тіл білімі	Қысқаша сипаттама: Фонетика. Орфография. Пунктуация. Лексикология. Сөзжасам. Морфология. Синтаксис. Мақсаты: Осы курстың негізгі мақсаты студенттердің мектеп қабырғасында қазақ

					тілінен меңгерген білім, білік дәрежелерін жүйелі түрде тиянақтап, кешенді талдаудың терең игерту, қазақ тілін практикалық тұрғыда сөйлемдерді дұрыс талдау, талдау жолдарын үйрету. Күтілетін нәтиже: Білуі керек: Студенттердің мектеп қабырғасында меңгерген білімдерін тиянақтай білуі; сөз мағынасын терең түсіне білуі; дыбыстарды және сөйлемдерді құрамына, құрылысына жалпы грамматикалық сауатты талдай білуі; Игеру керек: Сөйлемдерді дұрыс талдап, практикалық тұрғыдан меңгеріп, тіл салаларындағы ілгері білімді игеру, қоғамдық орындарда, зиялы ортада өзін педагогқа лайық ұстау білуге үйрететін сөйлеу этикеттерін, әдеби тіл нормаларын сақтап сөйлеу.
8	Тіл мәдениетінің нормативті аспектісі	6	Халық ауыз әдебиеті	Қазіргі қазақ әдебиеті	Қысқаша сипаттама: «Тіл мәдениетінің нормативті аспектісі» пәні тілдегі бірізділік, тіл материалдарын нормалау, белгілі бір тәртіп, заңдылыққа бағындыру жүйесін қарастырады. Мақсаты: Мақсаты студенттердің мектеп қабырғасында тілден меңгерген білім, білік дәрежелерін жүйелі түрде тиянақтап, кешенді талдаудың терең игерту, қазақ тілін практикалық тұрғыда сөйлемдерді дұрыс талдау, талдау жолдарын үйрету. Күтілетін нәтиже: Білуі керек: «Тіл мәдениетінің нормативті аспектісі» пәні тілдің ішкі заңды жүйелерінің қалыптасуын, тілдің дыбыс жүйесін, сөз байлығын, сөз мағыналарын, тілдің грамматикалық құрылысының –заңды ерекшеліктерін дұрыс қолдануды негізге алады. Игеру керек: Сөйлемдерді дұрыс талдап, практикалық тұрғыдан меңгеріп, тіл салаларындағы ілгері білімді игеру, қоғамдық орындарда, зиялы ортада өзін педагогқа лайық ұстау білуге үйрететін сөйлеу этикеттерін, әдеби тіл нормаларын сақтап сөйлеу.

**6B02313 – «Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы үшін
таңдау курстарының тізімі**

Оқу түрі-күндізгі, 4 жыл

Оқуға түсу жылы-2020

№	Пән атауы	Пән коды	Кредит саны	Семестр
2. Базалық пәндер				
1	Таңдау бойынша компоненті 1			3
	Хандық дәуір әдебиеті	HDA 2212	6	
	Қазақтың билер мен шешен-ділмәрлары	KBShD 2212	6	
2	Таңдау бойынша компоненті 2			3
	Ежелгі дәуір әдебиеті	EDA 2213	6	
	Ежелгі жыр-аңыздар	EZhA 2213	6	
3	Таңдау бойынша компоненті 3			4
	Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы	KKTM 2214	5	
	Тіл және сөз: жүйе және құрылым	TSZhK 2214	5	
4	Таңдау бойынша компоненті 4			4
	XIX ғасыр әдебиеті	KA 2215	3	
	Зар заман әдебиеті	ZZA 2215	3	
5	Таңдау бойынша компоненті 5			5
	Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисі	KKTZhSS 3216	5	
	Аталым теориясы	AT 3216	5	
6	Таңдау бойынша компоненті 6			5
	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті	KA 3217	5	
	Алаш әдебиеті	AA 3217	5	
7	Таңдау бойынша компоненті 7			5
	Білім берудегі IT	BBI 3218	4	
	Сандық білім беру технологиялары	SBBT 3218	4	
8	Таңдау бойынша компоненті 8			6
	Қазіргі қазақ тілінің құрмалас сөйлем синтаксисі	KKTKSS 3219	5	
	Әлеуметтік тіл таным	ATT 3219	5	
9	Таңдау бойынша компоненті 9			6
	Стилистика және сөйлеу мәдениеті	SSM 3220	5	
	Шешендік өнер	ShO 3220	5	
10	Таңдау бойынша компоненті 10			6
	1960-1990 жылдардағы қазақ әдебиеті	KA3221	5	
	ТМД халықтарының әдебиеті	THA 3221	5	
11	Таңдау бойынша компоненті 11			7
	Орфография және пунктуация	OP 4222	5	
	Мәтін семантикасы	MS 4222	5	
12	Таңдау бойынша компоненті 12			7
	Өлең теориясы	OT 4223	5	

	Қазақ әдеби сынының тарихы	KAST 4223	5	
13	Таңдау бойынша компоненті 13			7
	Қазіргі қазақ әдебиеті	KKA 4224	5	
	Тәуелсіздік жылдардағы қазақ әдебиеті	TZhKA 4224	5	
14	Таңдау бойынша компоненті 14			7
	Әдебиет теориясы	AT 4225	5	
	Мәтінді филологиялық талдау	MFT 4225	5	
15	Таңдау бойынша компоненті 15			8
	Жалпы тіл білімі	ZhTB 4226	4	
	Әлем тіл білімінің жаңа бағыттары	ATBZhB 4226	4	
3 Кәсіби пәндер				
1	Таңдау бойынша компоненті 1			4
	Қазақ тілінің тарихи грамматикасы	KTTG 2306	3	
	Қазақ тілінің тарихы	KTT 2306	3	
2	Таңдау бойынша компоненті 2			5
	Шетел әдебиеті	ShA 3307	5	
	Түркі халықтары әдебиеті	THA 3307	5	
3	Таңдау бойынша компоненті 3			5
	Абайтану	Aba 3308	3	
	Әдеби өлкетану	AO 3308	3	
4	Таңдау бойынша компоненті 4			6
	Қазақ жазуының тарихы	KZhT 3309	5	
	Қазақ әдеби тілінің тарихы	KATT 3309	5	
5	Таңдау бойынша компоненті 5			6
	Шәкәрімтану	Shak 3210	5	
	Шығыс әдебиетінің тарихы	ShAT 3210	5	
6	Таңдау бойынша компоненті 6			7
	Мәтін лингвистикасы	ML 4211	5	
	Функционалды лингвистика	FL 4211	5	
7	Таңдау бойынша компоненті 7			7
	Әуезовтану	Aye 4212	5	
	Семей өңірінің ақын-жазушылары	SOAZh 4212	5	
8	Таңдау бойынша компоненті 8			8
	Нормативті қазақ тілі	NKT 4213	6	
	Тіл мәдениетінің нормативті аспектісі	TMNA 4213	6	

